

Қазақстан Республикасы медициналық оқу орындарының желілері мен құрылымдарын оңтайландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 25 ақпандағы N 263

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 P960056_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 3, 17-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі:

1997/98 оқу жылынан бастап Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қызылорда университетіндегі медициналық мамандықтарды жапсын;

1997/98 оқу жылы басталғанға дейін Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қызылорда университеттерінде медициналық мамандық бойынша оқитын студенттерді басқа оқу орындарына ауыстыруды жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен бірлесіп:

N 2 Ақмола медициналық колледжін және Атбасар медициналық колледжін N 1 Ақмола медициналық колледжіне;

Зырян және Лениногор медициналық колледждерін Өскемен медициналық колледжіне;

Ленгiр медициналық колледжiн Шымкент медициналық колледжіне;

Темiртау медициналық колледжiн Қарағанды медициналық колледжіне;

Жаңаөзен медициналық колледжiнiң Ақтау филиалын Жаңаөзен медициналық колледжіне;

Степногорск қаласындағы медицина-биологиялық институтын Ақмола мемлекеттік медициналық институтына бiрiктiру жолымен қайта ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Қаржы министрлігі және тиісті облыстардың әкімдері қайта ұйымдастырылатын оқу орындарының 1997 жылға арналған шығыстар сметасына өзгертулер енгізісін. Аталған өзгертулер 1997 жылға арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына, Ақтөбе мемлекеттік

медицина институтына, Семей мемлекеттік медицина институтына, Шымкент медицина институтына, Ақмола мемлекеттік медицина институтына 1997 жылға арналып көзделген қаражат шегінде қолданылып жүрген қаржыландыру тәртібін сақтай отырып академия мәртебесін беру туралы бірлескен ұсынысы қабылдансын және тиісінше Қарағанды, Ақтөбе, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола мемлекеттік медициналық академиялары деп қайта аталсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі медициналық колледждері Жарғының шегінде олардың дербестігін, қолданылып жүрген қаржыландыру тәртібі мен көздерін сақтай отырып жоғары медициналық оқу орындарының құрамына:

Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына - Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Көкшетау және Екібастұз медициналық колледждерін;

Ақтөбе мемлекеттік медициналық академиясына - Ақтөбе, Атырау, Жаңаөзен және Батыс Қазақстан медициналық колледждерін;

Ақмола мемлекеттік медициналық академиясына - Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Арқалық медициналық колледждерін;

Семей мемлекеттік медициналық академиясына - Семей, Өскемен және Павлодар медициналық колледждерін;

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясына - Шымкент, Жамбыл, Қызылорда және Жетісай медициналық колледждерін енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі:

қайта ұйымдастырылған медициналық жоғары оқу орындарының құрылымын, мамандықтар тізбесін, профессор-оқытушылар құрамының санын айқындасын және белгіленген тәртіппен олардың Жарғыларын бекітсін;

қайта ұйымдастырылған оқу орындарына белгіленген тәртіппен білім беру қызметіне лицензиялар берсін.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тиісті облыстардың әкімдерімен бірлесіп 1997/98 оқу жылы басталғанға дейін, оларға кейін оқу орындарын бекіте отырып, клиникалық және оқу базаларын айқындасын.

8. Тиісті облыстардың әкімдері қайта ұйымдастырылған оқу орындары студенттерінің, оқушыларының және оқытушылар құрамының материалдық-техникалық базаларын одан әрі нығайту және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК